

INDEBTEDNESS TO OUR BRAVE WOMEN**БАТЫР АПАЛАР ЕРЛІГІНЕ – МЫҢ ТАҒЫМ****Jusupov KENES**Associate Prof. Dr. M.Tanyshv Kazakh Academy of Transport and Communication, kenes_atabai@mail.ru,
Kazakhstan

Жеңіс туының Берлинде желбірегеніне 72 жылдың жүзі де болып қалды! Ұлы Жеңіспен бірге өмірге келген сәбилердің өзі қартайды. Ал елге оралған жеңіс солдаттарының қатары бұл күнде тым азайып та кетті. Біздің болашақ жарқын өміріміз үшін қанмайдаңда жан беріп, топырағы туған жерінен бұйырмаған боздақтар қаншама? Із-түзсіз жоғалып кеткендердің тағдыры әлі күнге дейін қаруластарының жанын сыздатады. Ашық аспанымызға сұм соғыстың бұлты үйіріліп, қанқұйлы фашист армиясы елге басып кіргенде, ер азаматтармен қатар ержүрек қазақ қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова да отанды қорғауға аттанды. 20 миллионнан аса адамның өмірін жалмаған зұлмат соғыста мерген Әлия мен пулеметші Мәншүк жауға атылған оқтай шүйлікті. Соғыс даласында фашизмнің күлталанғанын шығарушылардың алдыңғы шебінде шайқасты. Адамзат ұрпағын аямаған неміс басқыншылары он екіде бір гүлі ашылмаған қаршадай қыздарды аясын ба? Әлия да, Мәншүк те ерліктерімен майдандағы қаруластарына үлгі бола жүріп, фашистердің оғынан қаза болды. Екеуіне де Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді.

Қазақ халқының ақылына көркі сай, батыл да батыр ару қыздары туралы сонау қисса-дастан, ертегіден бастап бүгінгі күнгі тарихтың қалың беттерінде көп айтылған әрі жазылған болатын. Қазақтар қай заманнан қыз баласын ардақтап өсірген. Қыздарды қызғалдаққа, нәзік гүлдерге теңеп, аялай, ардақтай білген. Ер азаматтармен бірге қан майданда ерлік көрсетіп, қаза тапқан, есімдері ел есінде мәңгі қалған батыр қыздар, ерліктің қос қанатындай болған – Әлия мен Мәншүк апаларымыз қандай құрметке болса да және әрқашан да құрметтеуге лайықты!

1943 жылдың мамыр айында Мәскеудегі әйелдерге арналған мергендер мектебін үздік бітірген Әлияны әкімшілік әдіскер-нұсқаушы етіп қалдыруға ұйғарады. Алайда өжет қыз майданның алғы шебіне сұрануын қоймайды. Әлия 1943 жылдың тамыз айынан 2-Прибалтика майданында 54-атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысып, мергендігімен көзге түседі. 1944 жылдың 14 қаңтарында Новосокольники маңындағы Насва темір жол станциясы үшін болған ұрыста Молдағұлова жауынгерлерді шешуші шайқасқа бастап, қаһармандықпен қаза тапты. Ол кезде батыр қыз 19-ға да толмаған еді.

Мәншүк Мәметова майдандағы ұрысқа өз өтініші бойынша 1942 жылдың тамызында кірді. Калинин фронтының 3-ші армиясының 100-ші жеке атқыштар бригадасының пулеметшісі, аға сержант Мәметова өзінің өжеттігі және кәсіби біліктілігімен көзге түсті. 1943 жылдың 15 қазанында Невель маңындағы Изочи станциясы үшін кескілескен ұрыстар жүрді. Шабуылдар екі жақтан алмасып жатты. Осы шайқаста 21 жасар Мәншүк басынан жараланғанына қарамастан, пулеметінен жауға оқты қарша боратты да, тағы да ондаған фашистерді жер жастандырып, батальонның алға жылжуына мүмкіндік жасады.

Соңғы жылдары біздің академиямыз бен Әлия Молдағұлова қаза болған Ресейдің Псков облысы Новосокольники ауданы әкімшілігі арасында хат арқылы байланыстар жасалып, достық қатынастар орнаған еді. Бұл достықтың түп тамыры мына төмендегі Әлияға атындағы алып жер қазу машинасын жасау оқиғасынан бастау алады:

1973 жылдың көктемінде Кентау қаласындағы №2 мектеп - интернаттың 5 класс оқушылары 20 тонна металл сынықтарын жинап, Кентау экскаватор заводына тапсырады. Завод жұмысшылары осы металдан Әлия Молдағұлова атындағы экскаватор құрастырып, оны Әлияның майданда қаза болған жері - Ресейдің Псков облысы Новоскольникови ауданы еңбеккерлеріне сыйлық ретінде жібереді (1-сурет). Сол жылдың маусым айының 12-де класс жетекшісі, майдангер ұстаз Әбден Тұржановтың басқаруымен алты оқушы (олардың қатарында К.Ә.Жүсіпов те бар) Псков жеріне барып, Новоскольникови қаласының орталық алаңында экскаваторды машинист Александр Арбузовқа табыс етеді. Ертеңіне осы ауданның Монаково селосында орналасқан Әлия апаларының бейітіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етіп қайтады. Осы сапарда Мәншүк апаларының да жатқан жері - Невель қаласында болып, қаланың орталығында орналасқан батыр қыз бейітіне де гүл шоқтарын қойып, апаларының ерлігіне бас иіп қайтқан еді.



1-сурет. Әлия Молдағұлова атындағы экскаватор, 1973 жыл

Әр жылдың 28-29 қаңтарында Новоскольникови және Невель аудандарының неміс басқыншыларынан азат етілген күндері атап өтіледі. Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай жергілікті әкімшілік осы мерекелік шараларға ҚазККА-дан делегация шақырады. Академия студенттері мен мұғалімдерінің Псков облысына алғашқы сапары осы 2010 жылдың қаңтарында өткен болатын.

Жерлестеріміз 28 қаңтар күні аудан орталығынан 30 шақырым жердегі Насва селосына сапар шегіп, ондағы Әлияның мұражайымен танысады. Одан соң Насвадан 7 шақырым жердегі Монаково селосындағы бауырластар зиратындағы Әлияның бейітіне жергілікті оқушылармен бірге гүл қойып, мәңгі ерліктің өшпес рухына тағы да бас иеді, құран бағыштайды (2-сурет).



2-сурет. Студенттер Әлия Молдағұлованың Монаководағы бейітінің басында, 2010 жыл.

29 қаңтар күні Новосокольники ауданы тұрғындары жиналған салтанатты митингіге қатысып, қала орталығындағы мәңгі от пен Әлия ескерткішіне тағзым етеді. Жерлестеріміз сол күні түстен кейін аудандық балалар үйіне барып, қайырымдылық іс – шара өткізеді. Кентаудың түлегі, бүгінде Қазақстанға танымал «Абди» кеңсе тауарлары фирмасының президенті Әбдібек Бимендиев берген 15000 рубль мен ойыншықтар жиынтығын балалар үйінің директоры Е.Н.Шнюкат ханымға тапсырады. Өз кезегінде директор ханым бұл қаржының бөлмелерді жөндеу жұмыстарына жұмсалатындығын айтып, қазақстандықтарға мың алғысын білдірді.

Бауырлас орыс жеріндегі естен кетпес жүрекжарды кездесулерде талантты студенттеріміз өз өнерлерін ортаға салды. Қаланың орталық мәдениет үйінде «Ерліктеріңіз мәңгі есте!» атты 3 сағаттық тақырыптық салтанатты кеш өтті. Осы кеште Бақытбекұлы Дәуіржан «Смуглянка» және «Катюша» секілді әскери әндерді орындаса, Сандыбаев Аслан домбырада «Балбырауын» мен «Сарыарқаны» күмбірлете тартып болғанда залдағылар ұзақ уақыт қол соқты. Ал Саликов Асхат Я.Хелемскийдің «Әлия жүрегі» поэмасынан үзінді оқыды. Жүсіпов Кеңес мәдениет үйінің үлкен сахна төрінде араға 37 жыл салып, баяғы экскаватордың машинисі 62 жастағы А.Арбузовпен құшақ жая кездесіп, апарған сыйлықтарын табыс етті. Сонымен қатар Әлияға арнап өлең шығарған Новосокольники қаласының №1 орта мектебінің 11 сынып оқушысы Мария Беляковаға да Қазақстан сыйлықтарын тапсырылды.



3-сурет. Мәскеудегі Молдағұлова даңғылындағы Әлия ескерткіші, 2010 жыл

Ал 30 қаңтарда Беларусь шекарасына қарай Новосокольникіден 60 шақырым жердегі Мәншүк апамыздың жатқан жері - Невель қаласына сапарлайды. Оларды аудан басшысы О.Е.Майоров пен аудандық «Невельский вестник» газетінің редакторы О.Герасимова құшақ жайып қарсы алады. Сол кісілермен бірге қалалық орталық саябақ жанында орналасқан М.Маметованың бейітіне және батыр атындағы көше бойындағы ескерткішіне гүл қойып, рухына арнап құран оқиды. Невель аудандық өлкетану мұражайын аралап, батырдың ерлігі мен өмірінен біраз мағлұматтарға қанығады. Аудан басшысы қаладағы орталық көшелердің және мектептердің бірі Мәншүктің атында екендігін, жыл сайын Жеңіс күні қарсаңында Мәншүк атындағы жүлде үшін қалалық веложарыс өтетіндігін айтыпты. Ал қалалық өлкетану музейінің қызметкері Александр Иванович Андреев-Снегин деген азамат өзінің 2009 жылы Мәншүкке арнап жасаған гравюрасын қонақтарға сыйға тартыпты. Газет редакторы О.Герасимова ханым Невельдің жергілікті ақыны жақында Мәншүк жайында поэма жазып, оны аудандық газетте жариялағандығы туралы айтыпты. Әрине, мұның барлығы да қуантарлық жайт, себебі бұл сол жердегі жергілікті халықтың біздің батыр қыздарымызға деген үлкен құрметі болатын.

31 қаңтар күні сапар Мәскеуде жалғасады. Алып Ресей астанасындағы Ә.Молдағұлова атындағы № 891 мектепке ат басын бұрып, ерлігі ел есінде мәңгі қалған батыр қыздың рухына тағы да тағзым жасайды (3-сурет). Мұражайына сыйлықтарын табыстайды. Әлия апаларының атындағы даңғыл бойымен зор мақтанышпен жүріп өтеді. Батыр апаларымыздың аруағына тағзым еткен патриоттарымыз отандастары алдында аманат парызды орындағандарын іштей түсініп, елге рухтанып қайтады.



4-сурет. Монаководағы 2,5 мың солдат (оның ішінде үштен бірі-қазақстандықтар) жерленген әскери мемориал- бауырластар зираты, 2016 жыл

Ал 2016 жылдың 6 тамызында соғыс жылдары қанды майдан өткен, 3 жылға жуық оккупацияны бастан өткерген, соғыс жылдары да, қазір де ірі темір жол торабы саналатын Ресейдің Псков облысы Новосокольники қаласы өзінің 115 жылдық мерейтойын атап өтті. Дәл осы Новосокольники ауданын немістерден азат ету жолында мыңдаған кеңес және қазақ жауынгерлерімен бірге халқымыздың қаһарман қызы Әлия Молдағұлова апамыз да ерлікпен қаза тапқанын бәріміз де білеміз. Кез келген тойдың шырайы қонақтар екенін ескерген ресейліктер осы шараға Қазақстаннан М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясынан делегация шақырды. Бұл шақыруды құп алған академия ректоры Б.М.Қуанышев мырза үлкен қаржылай көмек көрсете отырып, Ресейдің Псковына екінші рет академияның студенттері мен мұғалімдерінен құралған делегациясын аттандырады. Бұл іссапарға аттанудың негізгі мақсаты – қазақтың қарлығаш қанатындай қос ару қыздарының ерлік жасаған жерлерін аралап, бастарына тағы да бір тағзым етіп қайту еді.

Делегация мүшелері Ресейдегі тамыз сапарында төмендегідей іс-шаралар атқарып қайтты:

5 тамыз күні Новосокольники ауданындағы Монаково бауырластар зиратындағы Әлия Молдағұлова мен оның қаруластары бейітіне жергілікті тұрғындармен бірге гүл шоқтарын қойып тағзым етті, құран бағыштады, Насва ауылдық орта мектебінде орналасқан батыр қыз музейін аралады. Новосокольники аудандық кітапханасында қала тұрғындарымен халықаралық кездесу өткізіп, Әлия апамыз бен басқа да жауынгерлердің ерліктері, аудандағы оккупация кезіндегі партизандық қозғалыс жайлы әңгіме-сұхбаттар жүргізді (4-сурет).

6 тамызда қаланың мерейтойына арналған негізгі іс-шараларға белсене қатысты:

- ✓ Новосокольники негізінен теміржолшылар қаласы болғандықтан теміржолшылар саябағында жаңадан ашылған теміржолшы батырларға арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойды;
- ✓ «Ресей мен Қазақстан: бір жолмен бірге» тақырыбында өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға баяндамаларымен қатысты;
- ✓ Қаланың мерейтойына арналған салтанатты жиында делегация басшысы Жүсіпов К.Ә. сөз сөйлеп, тұрғындарды қазақ елі, қазақ теміржолшылары атынан құттықтап, академия ректорының мерейтойға арнаған хатын оқыса, студенттер қазақ және орыс тіліндегі әндерімен халықты тәнті етті. Осы салтанатты жиында қазақ делегациясы Псков облысының губернаторы А.А.Турчакпен кездесті.
- ✓ Новосокольники станциясының темір жол нысандары жұмыстарымен танысты, атап айтқанда деподағы локомотивтерді жөндеу және техникалық күту жұмыстары мен Петербург пен Мәскеу бағытындағы диспетчерлер қызметтерімен жақын танысты.

7 тамызда Новосокольникіден оңтүстік-батысқа қарай 60 шақырым жердегі Невель қаласында қазақ халқының тағы да бір даңқты қызы Мәншүк Мәметова апамыз жерленгенін жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Батыр апамыздың ерлігіне тағзым ету мақсатында делегация мүшелері орыстың ежелгі қаласына жол тартып, Невель ауданы басшылығы қызметкерлерімен бірге Мәншүк бейіті мен оның қаланың нақ ортасындағы ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, мәңгі өшпес ерлікті еске алды. Сонымен бірге қаладағы қазақ батырлары Әбілхайыр Баймульдин мен Сүлейменов ескерткіштеріне де гүлшоқтарын қойды (5-сурет).

8 тамызда делегация мүшелері Мәскеудегі Молдағұлова даңғылымен мақтанышпен жүріп өтіп, Әлия атындағы №402 мектеп-лицейі (бұрынғы №891 мектеп) ауласында орналасқан батыр қыз ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ерлікке тағы да бір тағзым етті.



5-сурет. Қазақстандық делегация Невель аудандық өлкетану мұражайына Мәншүк Мәметова портретін сыйлауда, 2016 жыл

Міне, осылайша академияның ең үздік те өнерлі студенттері батыр апаларымызды құрметтей отырып, халықаралық іс - шаралар атқарып қайтты. Әрине, елге келген соң ол жақтағы жергілікті «Новосокольнический край» және «Невельский вестник» газеттері қарап қалмай, Әлия мен Мәншүктің ерліктерін тағы бір еске түсіріп, оларды іздеуші іні - қарындастары бар екендігі, іздеуші халқы бар екендігі жайлы тебірене бірнеше мақалалар жазды. Тағы бір қол жеткізген нәтижеміз - ол Новосокольники қаласындағы аудан әкімшілігі алдындағы алаңға Әлия Молдағұлова есімін беруге (аудан бойынша 8 Кеңестер Одағы Батыры бола тұрса да) шешім қабылданғанда аудандық ардагерлер Кеңесі мүшелері біздің жергілікті тұрғындармен жылы да әсерлі кездесулерімізді ерекше атап өткендігі.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Кеңес Армиясында 300 мың жауынгер әйелдердің 86-сы Батыр атағын алған екен. Соның екеуі – қазақ қыздары. Сол қаһарман қыздарымыз - Әлия мен Мәншүк Ресей жерінің сонау алыс түкпірінде ұлтымыздың мерейін үстем етіп, қайсар қазақтың рухы мен асқақ ерлігін әлемге танытып, мәңгі ұйқыда жатыр. Олардың ерлікке толы қысқа ғұмыры жайлы зерттеушілер жазып бітті, көзкөргендер, өкінішке орай, бүгінде жоқ. Ендігі мәселе – ақыры батыр апаларымыздың бейіті сонда болғандықтан, сол жердегі жергілікті халықпен достық қатынасты үзіп алмай, жастар жағы жиі-жиі ат басын бұрып, үнемі тығыз байланыста болғанымыз дұрыс шығар. Соның бір айғағы ретінде осы мақалада баяндалған Псков жеріне екі мәрте жасалған сапарларды айтуға болады.

Қорытынды:

Ерлігімен қазақ халқының даңқын әлемге әйгілі еткен шығыстың қос шынары Мәншүк пен Әлияның өміржолы талай ұрпаққа өнеге болары ақиқат. Өсер елдің аңызға айналған өр тұлғаларын тану - өз Отанын сүюдің, қайсар тектіліктің белгісі екені анық. Студенттерге ғана емес, жалпы жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беруде мақалада айтылғандай тағылымы мен тәлімі мол іс-шаралар өткізудің жастардың елін шынайы сүюге, үлкенді сыйлауға, өткенді қадірлеуге, өз елінің тарихын терең білуге, патриотизмге тәрбиелеуде маңызы зор. Ең бастысы – бұл қадам Отанға деген сүйіспеншілік, патриот деген ұғымдардың бос сөз емес екендігіне тағы да бір көз жеткізді. Оған үлгі – тек қазаққа ғана емес, атағы мұқым Шығыс халқына ортақ қос батыр қыздарымыздың өшпейтін ерен ерліктері!

Әдебиеттер тізімі:

1. Байдербес Ғ. Әлия-біздің мақтанышымыз, Алматы: Қазақстан, 1995, 80 бет.
2. Садырқызы Г. Ресейдің қазақ қыздары, Алматы: Егемен Қазақстан, №132, 13.07.2016ж.
3. Жүсіпов К.Ә. Әлия мен Мәншүктің өшпес ерліктері мәңгі жадымызда, Алматы: Парасат, №1, 2011ж.